

ТҰРҒЫНДАРДЫ НЕ
ТОЛҒАНДЫРАДЫ?КӘСІПОДАҚ
ТӨРАЙЫМЫ
ЕСЕП БЕРДІНЕСІБЕНІ МОЛАЙТҚАН
НАУБАЙХАНА

→ 2

→ 8

→ 8

ИССАПАР

АТА ЗАҢҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Кеше облыс әкімі Ербол Қарашөкеев Жамбыл ауданында жұмыс сапарымен болып, әуелі аудандық тарихи-өлкетану музейінде ардагерлермен кездесу өткізді.

Басқосуда елімізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды саяси реформалар, соның ішінде жаңа Конституция жобасы кеңінен талқыланды.

Ербол Шырақпайұлы ҚР Конституциясының жаңа жобасындағы негізгі жаңашылдықтар мен ерекшеліктерге, оның мазмұны мен маңызына жан-жақты тоқталды. Сонымен қатар негізгі заңға ұсынылып отырған өзгерістер Конституцияның 77 бабын қамтитынын, бұл Ата Заң мәтінінің 84 пайызын құрайтынын атап өтті.

Сондай-ақ жаңа Конституцияның адам және ел дамуына бағытталғанын, онда адам құқықтары, қоғамдағы бірлік пен келісім, елдің тәуелсіздігі мен тұтастығы, әділеттілік, заң үстемдігі және экология мәселелері Конституция деңгейінде бекітілгеніне назар аударды.

Сөз барысында кеңейтілген өкілеттілікке ие бір палаталы Парламент – Құрылтайдың, жалпыұлттық диалог алаңы – Қазақстанның Халық Кеңесінің құрылуы, сондай-ақ Вице-президент институтының енгізілуі сынды басты жаңашылдықтарға арнайы тоқталды.

– Әлеуметтік желілерде жаңа Конституция жобасына қатысты жалған әрі бұрмаланған ақпараттар таралуда. Шындыққа жанаспайтын, арандатушылық сипаттағы мәліметтерден сақ болу қажет. Халыққа жаңа Ата Заң жобасын



нақты әрі түсінікті түрде кеңінен түсіндіру маңызды. Бұл ретте аға буын өкілдерінің рөлі айрықша, – деді облыс әкімі.

Ербол Қарашөкеев ел Президентінің әділетті қоғам мен тұрақты мемлекет құруды көздейтін бастамаларын жамбылдықтардың қолдайтынына сенім білдірді.

Жиын барысында Жамбыл ауданына қарасты ауылдық округтердің ардагерлер, билер және қоғамдық кеңестерінің төрағалары мен мүшелері Конституциялық реформаға қатысты өз ой-пікірлерін ортаға салды.

– Әділетті Қазақстан құру жолында

Ата Заңға өзгерістер енгізу – заңдылық. Ел ағалары үшін ең бастысы – елдің амандығы, жердің тыныштығы, халықтың ынтымақ-бірлігі керек. Бұл құндылықтардың барлығы жаңа Конституция жобасында қамтылған. Ардагерлер қауымы халық мүддесін қорғайтын Конституцияның жаңа мәтінін қолдайды, – деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бакыт Сырлыбаев.

Келелі кездесуден кейін облыс әкімі Аса ауылы «Бәйтерек» алқабындағы мемлекеттік тапсырыс аясында сатып алу тәсілімен салынған 120 пәтерлі тұрғын үйдің, Көстөбе ауылында

бой көтеріп жатқан 100 орындық мектептің, Көлқайнар ауылдық округі аумағындағы «AzNugAgro» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің 400 басқа арналған тауарлы сүт фермасының, Ақбастау ауылдық округіндегі «Рыжибаев» жеке кәсіпкерлігінің ет бағытындағы құс фабрикасының құрылысымен, Айшабиді ауылындағы «Бам Холдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің көкөніс сақтау қоймасының құрылыс жұмыстарымен танысты.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Жуырда аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі мен аудандық «Жастар ресурстық орталығының» мамандары бірлесіп №1 орта мектептің 9-11-сынып оқушыларымен «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында құқықтық сағат өткізді.

ОҚУШЫЛАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП ПЕН ЗАҢ НОРМАЛАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Аружан КҮНТУБАЙ

Шараның негізгі мақсаты – жастарға заң білімі саласында мағлұмат беру, өз құқықтарын білуге және оларды өмірде дұрыс қолдануға үйрету, сондай-ақ адамгершілік, адалдық, әділдік пен мейірімділікке баулу арқылы саяси саналылық пен таным белсенділігін арттыру. Сонымен қатар, оқушыларды еліміздің Ата Заңын құрметтеуге тәрбиелеу және патриоттық сананы қалыптастыру көзделді.

Басқосуға аудандық полиция бөлімі ювеналдық полиция тобының инспекторы Асхат Айдарбеков, «Жастар ресурстық орталығының» заңгері Балнұр Қажығалиева, психолог Айзат Жамалова қатысып, кәсіби ой-пікірлерін білдірді.

Кездесу барысында кітапханашы Ақдана Құрымбаева «Бала құқығы – асыл қазына» тақырыбында оқушыларға заң нормаларын түсіндіріп, құқықтық тәртіпті сақтау әрбір азаматтың жауапкершілігі екенін атап өтті.

→ 2

МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ



Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының жаңа Ата Заңының жобасын жариялады.

Бұл құжат азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардан түскен ұсыныстарды мұқият талдаудың, ашық қоғамдық талқылаулардың, сондай-ақ жаңа нормалар мен ережелерді жан-жақты әрі тиянақты пысықтаудың нәтижесінде пайда болды.

Конституциялық реформа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастамасының негізінде туындады. Президент бұл идеяны

2025 жылғы 8 қыркүйекте өзінің халыққа арнаған жыл сайынғы Жолдауында елдің саяси жүйесін кешенді жаңғырту және жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі оң серпін беру мақсатында айтқан болатын.

2025 жылғы 8 қазанда Парламенттік реформаны іске асыру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы өкімге қол қойылды. Оның құрамына белгілі құқықтанушы ғалымдар, сарапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді.

Алайда талқылауларға барлық белсенді азаматтар қосылып, өз пікірлері мен ұсыныстарын e-Otinish және eGov порталдары арқылы жолдай бастады. Осылайша, жаңа

реформаны кеңінен әрі қарқынды талқылау шамамен алты айға созылды. Осы кезең ішінде Жұмыс тобы азаматтардан түскен екі мыңнан астам ұсынысты жан-жақты қарап, жүйелеп шықты.

2026 жылғы қаңтарда өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы атқарылған жұмыстың қорытындысын шығарып, алдағы өзгерістерге қатысты өз көзқарасын білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев, сондай-ақ, парламенттік реформа аясында бастапқыда Ата Заңның шамамен 40 бабына өзгерістер енгізу көзделгенін атап өтті. Алайда жұмыс барысында өзгерістер көлемі әлдеқайда ауқымды болатыны айқындалып, олар саяси және қоғамдық өмірдің көптеген өзге де қырларын қамтитыны белгілі болды.

2026 жылғы 21 қаңтарда Конституциялық комиссия құрылды. Оның құрамына Ұлттық құрылтай мүшелері, белгілі құқықтанушылар, орталық мемлекеттік органдардың жауапты қызметкерлері, БАҚ басшылары, мәслихат төрағалары, аймақтық қоғамдық кеңестердің өкілдері, сондай-ақ сарапшылық және ғылыми қауымдастық өкілдерін қоса алғанда 130 адам кірді. Осылайша, Комиссия құрамында Қазақстанның барлық әлеуметтік топтары мен аймақтары толық қамтылды.

→ 3

5 АҚПАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІ

САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Дүниежүзілік сайлау күніне орай аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен «Сайлау және сайлау тәуелсіздігі» тақырыбында «дөңгелек үстел» отырысы өтті. Жиының негізгі мақсаты – жастардың сайлау туралы құқықтық білімін арттыру, азаматтық ұстанымын қалыптастыру және саяси белсенділігін дамыту.

Аружан КҮНТУБАЙ

Басқосуға аудандық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Бауыржан Қалшымбетов, хатшысы Орынбасар Затыбеков,

«Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы» және «Отандастар қоры» фонд офисінің директоры Сембек Пірімқұлов, аудандық билер кеңесінің төрағасы Батырбек Саршаев, зейнеткер Сәрсенбай Күзerbeaев қатысты.

→ 2

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ ЖАС БУЫНЫ

«Кез келген мемлекеттің күші – халықта» деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, елдің ең басты капиталы – адам, ал оның жасампаздық қуаты мемлекет дамуының негізгі тірегі болып қала береді. Бүгінде Қазақстан жаһандық өзгерістер дәуіріне қадам басты. Бұл кезең тек экономикалық немесе технологиялық жаңғырумен шектелмейді, ол – адамдардың ойлау жүйесін, өмір салтын, тіпті құндылықтар өлшемін өзгертетін тарихи бетбұрыс уақыты.

→ 2

Соңы. Басы 1-бетте

САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ



Жиында Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесі, сайлаудың негізгі қағидаттары, азаматтардың сайлау құқықтары мен міндеттері, жастардың сайлауға қатысуының маңызы жан-жақты талқыланды. Қатысушылар сайлаудың демократиялық қоғамдағы рөлін, сайлау мәдениеті мен саяси сауаттылықты, жастардың сайлауға қатысу белсенділігін және әлеуметтік желілердің сайлау процесіне ықпалын айтып, өз пікірлерімен бөлісті.

Талқылау барысында «Сайлауға

қатысу – азаматтың міндеті ме, әлде құқығы ма?» және «Жастардың бір дауысы қоғамға әсер ете ала ма?» атты пікірталас ұйымдастырылып, жастар өз ойларын дәлелді түрде жеткізді.

Ал кітапханашы Нұрипа Манабаева «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», «Үкімет бюллетені», «Қазақстан Республикасының Президенті мен үкіметінің актілер жинағы», «Қазақтың Ата заңдары» сияқты кітаптарға библиографиялық шолу жасап, жастарға қосымша ақпараттар ұсынды.

Соңы. Басы 1-бетте

ОҚУШЫЛАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП ПЕН ЗАҢ НОРМАЛАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ



Басқосуда жастар арасында құқықтық сауаттылықтың жеткіліксіздігі түрлі жағымсыз жағдайларға, соның ішінде буллинг және кибербуллингке әкелуі мүмкін екені айтылды.

Заңгер оқушыларға олардың құқықтары мен міндеттерін, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік мәселелерін кең көлемде түсіндірді. Ал психолог Айзат Жамалова «Құқық» атты тренинг ұйымдастырып,

бейнеролик көрсетті. Сала мамандары құқықтық білім мен тәртіп қағидатының қоғамдағы маңыздылығын ерекше атап өтті.

Жиын соңында «Құқықтық сауаттылық – уақыт талабы», оларды цифрлық дәуір талаптарына бейімдеуге бағытталған маңызды білім беру алаңына айналған орталық екі ауысымда жұмыс істейді және 150 балаға арналған. Мұнда балалардың қабілетін ашуға, кәсіби бағдар беруге және заманауи дағдыларды меңгеруге барлық жағдай жасалған.

Орталықта «School media – Жас тілші», «Компьютерлік кескіндеме және жасанды интеллект», «Energy club – күш пен сергектік орталығы», «Жантану – психология» бағыттарында үйірмелер жұмыс істейді. Аталған үйірмелер балалардың тек білімін толықтырып қана қоймай, олардың ой-өрісін кеңейтіп, өзін еркін танытуына

АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІ ЕСЕП БЕРДІ: ЕЛ НЕ ДЕДІ?

ТҰРҒЫНДАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ



БИЛБОРД ОРНАТЫЛА МА?

Көлқайнар ауылдық округінің әкімі Асылбек Қонаров Қостөбе ауылының тұрғындарымен кездесті. Ол былтыр тиянағын тапқан тірліктерді алға тартып, биылғы жылға жоспарланған жұмыстарға тоқталды. Ауыл қариясы Темірхан Тілеубердиевтің елді мекеннің кіреберіс тұсына халықты ақпараттандыру мақсатында билборд орнатылса деген тілегін назарға алды.

Кездесуден кейін округ әкімі тұрғындарды жеке сұрақтарымен қабылдап, өтініш-тілектерін тыңдады.

ФУТБОЛ АЛАҢЫ ЖӨНДЕЛЕ МЕ?

Қызылқайнар ауылдық округінің әкімі Төрехан Тапжанов Жасөркен ауылында тұрғындармен өткізген кездесуінде ұзатылған жылы атқарылған жұмыстарды баяндап, ағымдағы жылы қолға алынатын шаруаларды сөз етті.

Кездесуде ауыл азаматы Мұрат Сейдыбадиев Т.Терлікбаев көшесінің бойында орналасқан футбол алаңын жөндеуді өтінді. Бұл мәселе алдағы уақытта шешілетінін, шағын алаң көктемде ағымды жөндеуден өтетінін білді.

Жергілікті жұртшылық округ әкімінің есебін қанағаттанарлық деп бағалап, жұмысына сәттілік тіледі.

БАЛАЛАР АЛАҢШАСЫ САЛЫНА МА?

Өрнек ауылдық округінің әкімі Өмірбек Ботаев Жұма стансасының тұрғындарымен кездесу өткізді. Өткен жылы атқарылған, ағымдағы жылы жасалатын игіліктерді



Бекітілген кестеге сәйкес Көлқайнар, Қызылқайнар, Өрнек, Тоғызтарау, Қарасу ауылдық округтерінің әкімдері округіне қарасты ауылдарға барып, жергілікті жұртшылықпен жүздесіп, ауылдағы ағайынды не толғандыратынын білді.

сөз етіп, ауылдағы ағайынды не толғандыратынын сұрап білді.

Кездесуде жергілікті тұрғын Сағат Сүлейменов ауылдағы кіші футбол алаңшасы жанынан балалар ойын алаңшасы салынса деп өтініш білдірді.

Округ әкімі тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер кезек-кезеңімен шешілетінін айтты.

СМЕТІЛДА КӨШЕСІ ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛА МА?

Тоғызтарау ауылдық округінің әкімі Нұрәлі Төлековтің есебін берген кездесуі Құмсуат ауылында өтті. Әуелі округ әкімінің жылдық есебі тыңдалып, назарға алынды. Тұрғындар өз кезегінде елге ортақ мәселені тілге тиек етті.

Басқосуда көршілерінің атынан сөз сөйлеген ауыл азаматы Өмірхан Отаров О.Сметілда көшесі жарықтандырылса деген өтінішін айтты.

Округ әкімі тұрғынның мәселесі

назарда болатынын, алдағы уақытта бұл бойынша тиісті жұмыстар жүргізілетінін жеткізді.

СУ АСТАУЫ ЖӨНДЕЛСЕ...

Қарасу ауылдық округінің әкімі Айдын Масатов Шайдана ауылының тұрғындарымен кездесіп, өткен жылдың қорытындысы бойынша есеп берді. Ағымдағы жылға жоспарланған жұмыстарға тоқталып, ауылдағы ағайынмен түйткілді мәселелерді талқылады.

Басқосуда ауыл азаматы Дидар Есалиев елді мекендегі Өтебай су астауын ағымды жөндеуден өткізуді сұраса, ауыл қариясы Аманалы Құрбанов округ әкімінің жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді.

Өз кезегінде Айдын Әділханұлы тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер іс-шаралар жоспарына енгізілетінін, соған сәйкес жұмыс жүргізілетінін айтты.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жамбыл ауданы әкімдігінің «Аса-су» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі «Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау»

комитеті Жамбыл облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 26 желтоқсандағы №121-НҚ бұйрығына сәйкес 2026 жылдың 1 ақпанынан бастап таратушы желілер арқылы су беруге бекітілген тарифі төмендегіше өзгергенін хабарлайды.

Көрсеткіштер атауы	Көлемі м³	Бекітілген сараланған тарифі (ҚҚС-ын қоспағанда)	Бекітілген сараланған тарифі (16%ҚҚС-ын қосқанда)
Орташа босату тарифі	1348,0	81,12	
Тұрғындар бойынша	888,0	64,31	
Жеке тұлғалар су өлшегіш құрылғысы барларға	720,0	54,08	62,73
Жеке тұлғалар су өлшегіш құрылғысы жоқтарға	168	108,80	126,21
Өртүрлі су пайдаланушыларға	209,51	113,57	131,74
Бюджеттік мекемелер мен кәсіпорындарға	250,49	113,54	131,71

Осы кесте бойынша туындаған түсініксіз мәселелер жайында мына мекенжайға хабарласуларыңызды сұраймыз: Аса ауылы, Абай көшесі №76-үй, тел.: 2-14-60.

Жамбыл ауданы әкімдігінің «Аса-су» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Соңы. Басы 1-бетте

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ ЖАС БУЫНЫ

Президент өз сөзінде бос ұран мен құрғақ уәдеге емес, нақты нәтижеге негізделген даму жолын таңдаудың маңызын айрықша атап өтті. Цифрландыру мен жасанды интеллекттің дамыту науқаншылдық немесе сән қуған бастама емес, ел болашағын айқындайтын стратегиялық міндет болуы тиіс. Бұл бағыттағы жұмыстар шешім қабылдау мерзімін қысқартып, еңбек өнімділігін арттырып, қызмет сапасын жақсартуға нақты әсер етуі керек. Ең бастысы, мұның бәрі қағаз жүзіндегі жоспар күйінде қалмай, өмірде көрініс табуы қажет.

Мемлекеттік деңгейде қойылған осы міндеттер өңірлерде де жүйелі жүзеге асырылып келеді десек, артық айтқандық емес. Бүгінде еліміздің әр аймағында мектептер мен шығармашылық орталықтарда жас буынның цифрлық дағдыларын қалыптастыруға, жасанды интеллект мүмкіндіктерін игеруіне кең жол ашылууда. Соның айқын бір көрінісі –

жуырда пайдалануға берілген аудандық балалар-жасөспірімдер орталығы.

Аудандық Техникалық шығармашылық және кәсіби бағдар беру орталығына қарасты бұл орталық өткен жылдың қазан айында өз жұмысын бастады. Балалардың зияткерлік әрі шығармашылық әлеуетін дамытуға, оларды цифрлық дәуір талаптарына бейімдеуге бағытталған маңызды білім беру алаңына айналған орталық екі ауысымда жұмыс істейді және 150 балаға арналған. Мұнда балалардың қабілетін ашуға, кәсіби бағдар беруге және заманауи дағдыларды меңгеруге барлық жағдай жасалған.

Орталықта «School media – Жас тілші», «Компьютерлік кескіндеме және жасанды интеллект», «Energy club – күш пен сергектік орталығы», «Жантану – психология» бағыттарында үйірмелер жұмыс істейді. Аталған үйірмелер балалардың тек білімін толықтырып қана қоймай, олардың ой-өрісін кеңейтіп, өзін еркін танытуына

мүмкіндік беруде.

Орталықтағы бұқаралық бөлімнің меңгерушісі Гүлжан Алмаханованың айтуынша, бұл жердің басты мақсаты – балаларды тек технологияны тұтынушы емес, оны саналы түрде қолдана алатын, шығармашылықпен ұштастыра білетін тұлға ретінде қалыптастыру. «Бүгінгі балалар – ертеңгі цифрлық қоғамның белсенді мүшелері. Сондықтан біз оларға тек теория беріп қоймай, нақты жобалар арқылы жұмыс істеуді үйретеміз. Әсіресе жасанды интеллект пен цифрлық құралдарды дұрыс әрі тиімді қолдануға мән береміз. Балалар өз идеяларын жүзеге асырып, нәтижесін көргенде олардың қызығушылығы артып, өз күшіне деген сенімі нығая түседі», – дейді Гүлжан Төлегенқызы.

Осы бағытта ерекше сұранысқа ие үйірмелердің бірі – «Компьютерлік кескіндеме және жасанды интеллект». Бұл үйірмеде оқушылар компьютерлік графика негіздерін, цифрлық сурет салу тәсілдерін, визуалды дизайн

элементтерін және жасанды интеллект технологияларының жұмыс принциптерін меңгереді. Сабақтар теория мен практиканы ұштастыра отырып өткізіледі. Балалар арнайы графикалық бағдарламалармен жұмыс жасап, өз жобаларын әзірлейді, нейрожелілердің мүмкіндіктерін пайдаланып сурет, графикалық өнімдер мен бейнематериалдар дайындайды.

Сонымен қатар олар бейнемонтаж жасау, жобаны жоспарлау, уақытты тиімді пайдалану сияқты заманауи дағдыларды игереді. Мұндай жұмыстар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытып, оларды дербес шешім қабылдауға, жауапкершілікке, табандылыққа баулиды. Топтық тапсырмалар арқылы қарым-қатынас мәдениеті қалыптасып, өз ойын еркін жеткізуге машықтанады.

Айта кететін жайт, үйірменің маңызды қырларының бірі – балалардың компьютерді тек ойын құралы ретінде емес, білім мен шығармашылықтың

мүмкіндігі мол ортасы ретінде қабылдауына ықпал ету. Бұл – қазіргі заман тәрбиесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі. Осындай бағыттағы жұмыстар арқылы оқушылар IT маманы, графикалық және веб-дизайнер, бағдарламашы, медиа саласының маманы секілді болашақта сұранысқа ие кәсіптер туралы нақты түсінік алады.

Жалпы алғанда, балалар-жасөспірімдер орталығында білім алып келе жатқан жасөспірімдер жаңа дәуірдің талаптарына бейімделіп, технологияны тек пайдаланушы емес, оны жасай алатын, жаңашыл тұлға ретінде қалыптасуда. Алдағы уақытта орталықта цифрландыруға бағытталған жаңа жобалар мен тың бастамалар жүзеге асады деп күтілуде. Бұл бастамалар ел болашағын айқындайтын жас буынның сапалы білім алып, сенімді қадам басуына берік негіз болады деген ойдамыз.

Мақсат СЕРІКҰЛЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Комиссияға Конституциялық Соттың Төрағасы Әлвира Азимова басшылық етеді. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин және Премьер-Министрдің орынбасары – Мәдениет және Ақпарат министрi Аида Балаева оның орынбасарлары болып белгіленді.

«Комиссияның құрылуын секторлық өзгерістерден кешенді конституциялық трансформацияға өтудің көрінісі ретінде қарастыруға болады. Оның алдында ерекше миссия тұр. Ол – Ата-Занда бір жағынан конституциялық құрылстың негізгі принциптерін сақтау, екінші жағынан қазіргі заманғы сын-қатерлерге дайықты қозқарасты білдіру мүмкіндігін қамтамасыз ету», – деп атап өтті алғашқы отырыста Конституциялық Соттың Төрағасы Әлвира Азимова.

Комиссияның барлық отырыстары толықтай ашық түрде өткізіліп, тікелей эфирде көрсетіледі. Оның жұмысы БАҚ-та кеңінен және егжей-тегжейлі баяндалды. Өз пікірлерін, ескертпелерін және ұсыныстарын белгілі заңгерлер, құқық қорғаушылар, қоғамдық белсенділер, депутаттар, саяси зерттеушілер және басқа да қарашылар білдірді.

Жұмыс барысында Комиссия мүшелері республиканың Ата-Занының барлық негізгі түзетулерін жан-жақты қарап шықты. Бұл

түзетулер Конституцияның барлық бөлімдеріне және 77 бабына қатысты, яғни жалпы мәтінінің 84 пайызын қамтыды. Осылайша, Комиссия мүшелері Қазақстанның жаңа Конституциясын әзірлеу мәселесін алға тартты.

Қазақстан Республикасы Ата-Занының тұжырымдамалық өзгерістері мемлекеттің адамға бағдарланғанын арттыруға, Қазақстан халқына тән өзекті құндылықтар мен қағидааттарды көрсетуге, сондай-ақ республикадағы саяси институттар құрылымының тиімділігін арттыруға бағытталған.

Жаңа Преамбулада адам құқықтары мен бостандықтары алғаш рет мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жария етілді. Бірлік пен ынтымақтастық, ұлттаралық және дінаралық келісім Қазақстан мемлекеттілігінің негізгі ретінде белгіленді.

Егемендік пен Тәуелсіздік, біртұтастық, аумақтық тұтастық өзгермейтін құндылықтар санатына жатқызылды.

Әділеттілік, Заң мен Тәртіп, табиғатқа ұқыпты қарау сияқты қағидаат алғаш рет Конституцияға деңгейінде бекітілген.

Сонымен қатар, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің иесі Қазақстан халқы болып табылатыны бекітілген.

Ата-Занымыздың жаңа мәтінінің басты идеясы ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация анықталды. Бұл мемлекеттің

болашағы минералды ресурстар мен табиғи байлықтармен емес, адами капиталмен және азаматтардың жетістіктерімен анықталатынын көрсететін түбегейлі маңызды бетбұрыс.

Тағы бір маңызды мағыналық бағыт – цифрландыру. Осыған байланысты Конституцияның жаңа мәтінінде алғаш рет азаматтардың құқықтарын цифрлық ортада қорғау туралы норма бекітілді.

Конституцияның жаңа мәтінінің басты ерекшелігі – адам құқықтарына бағдарлануы. Осылайша, адам құқықтары мен бостандықтары жаңа Преамбулада ғана бекітіліп қоймай, бүкіл Конституцияның ерекше басымдығы әрі мағыналық өзеті ретінде айқындалған.

Дін мен мемлекеттің ара-жігі нақты ажыратылып бекітілді. Білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты айқындалды.

Неке әр адам мен әйел аламының ерікті және тең құқықты одағы екендігі туралы ереже енгізіледі. Бұл шешім дәстүрлі құндылықтарды ең жоғары құқықтық деңгейде қорғауға және әйелдердің құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған.

Конституция жобасының негізгі новеллаларының ішінде мыналарды атап өтуге болады:

- 145 депутаттан тұратын және жаңа, кеңейтілген өкілеттіктерге не бір палаталы жаңа Парламент – Құрылтай құрылады. Оны құру кезінде пропорционалды сайлау жүйесі

қолданылады, ал депутаттардың өкілеттік мерзімі 5 жылды құрайды.

- Пропорционалды жүйе партиялардың кадрлық саясатын дамытуға, олардың институционалды ролін арттыруға және саяси күштердің қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейтуге ықпал етеді.

- Жаңа жалпыұлттық диалог платформасы – Қазақстанның Халық Кеңесі құрылады, ол Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың стратегиялық функцияларын жалғастырады. Бұл Қазақстан халқының мүдделерін білдіретін, заң шығару бастамасы құқығына ие жоғарғы консультативтік орган болады.

- Вице-президент институтын құру. Ол ҚР Президентінің атынан Қазақстан мен шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады.

- Адвокаттық қызметке және адвокатураға арналған арнайы бап алғаш рет Конституцияда бекітіледі.

- Зияткерлік меншік құқығын қорғау қамтамасыз етіледі.
- Азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдарға, сол құқық бұзушылық үшін қайталан жауапқа тартуға қол бермеуге тыйым салуды және кінәсіздік презумпциясы қағидадарына,

қоса алғанда, азаматтардың құқықтарына кепілдік күшейтіледі.

- «Миранда ережесі» бекітіледі.
- Сонымен қатар, Қазақстанның жаңа Конституциясының жобасында ескірген терминологиялық аппарат мәселесі кешенді түрде шешілуде.

Еліміздің жаңа Ата-Занының мәтіні қалыптасқан мемлекеттік құрылымды, халықаралық беделді, адами капиталды, білім, ғылым және инновацияларды дамытауды Қазақстанның айқын басымдығын атап көрсетеді, ол сенімді түрде болашаққа көз тастайды.

Сонымен қатар, мемлекеттік құрылымның қалыптасуына және Қазақстанның тарихи дамуында маңызды рөл атқарған қазіргі Конституцияға құрмет көрсетіледі.

Жалпы, Конституцияның жаңа редакциясының алғашқы жобасына Преамбула, 11 бөлім және 95 бап бекітілу ұсынылады.

Ұсыныстар қабылдау е-Оtinish және eGov порталдары арқылы жалғасып жатыр.

Жаңа Конституция бойынша нақты шешімді еліміздің азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдайды.

Конституциялық комиссияның жұмысы жалғасуда.

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия (Конституциялық комиссия)

2026 жылғы 30 қаңтар
ЖОБА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

Біз, біртұтас Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып, Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығын сақтап, мемлекеттің ұнитарлы сипатын, оның шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға болмайтынын нақтылап, Әділетті Қазақстан идеясын және Заң мен Тәртіп қағидаатын ұстанып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталатынын мәлімдеп, бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық татулық қағидадарына сүйеніп, мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алып, табиғатты аялау қажеттігін мойындап, бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып, келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп, Қазақстан Республикасының Ата-Занын – осы Конституцияны қабылдаймыз.

I бөлім

Конституциялық құрылыс негіздері

1-бап

Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

2-бап

1. Қазақстан Республикасы – ұнитарлы мемлекет. Басқару үлгісі – президенттік республика.

2. Қазақстан Республикасының Егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, бөлінебеуін, оған қол сұғылмауын қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы конституциялық заңда айқындалады.

4. Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы. Елорда мәртебесі заңда айқындалады.

5. Қазақстан Республикасы мен Қазақстан атауларының мәні бірдей.

6. Қазақстан Республикасының Егемендігі, Тәуелсіздігі, ұнитарлығы, аумақтық тұтастығы мен басқару үлгісі өзгермейді.

3-бап

1. Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидааттары: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықты әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отанышдық идеясын орындату; қоғамдық диалогты дамыту; өйбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениет қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау.

2. Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таниды.

4-бап

1. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендік иесі – Қазақстан халқы.

2. Халық билікті жалпыхалықтық референдум және еркін сайлау арқылы тікелей жүргізеді, сондай-ақ өз билігін мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де мемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кету заңмен қуалаңады. Халық пен мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Президенті, сондай-ақ конституциялық өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының Құрылтайы әрекет етеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өклеттік шегінде мемлекет атынан әрекет етеді.

4. Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік біртұтас және ол заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөліну, өзара іс-қимыл жасау қатынасына сәйкес Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылады.

5-бап

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы – Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасының халықаралық шарт міндеттемелерінің нормалары.

2. Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық шарттарды қолдану тәртібі заңдарда айқындалады.

4. Барлық заңдар мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің ресми жариялануы – оларды қолданудың міндетті шарты.

5. Азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды.

Жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін заңдардың кері күші болмайды.

Жаңа заң бұрын жасалған құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жоюын немесе жеңілдетімін болса, жаңа заң қолданылады.

6. Қазақстан Республикасының жекелеген өңірлерінің экономикасын қарқынды дамыту мақсатында конституциялық заңдарға сәйкес қаржы саласына қатысты арнаулы құқықтық режим немесе «қарқынды дамытын қала» арнаулы құқықтық режимі белгіленуі мүмкін. Осы арнаулы құқықтық режимдер мемлекеттік басқару, сот жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктерін көздеуі мүмкін.

6-бап

1. Қазақстан Республикасында идеологиялық

және саяси араландық танылады. Мемлекеттік органда саяси партия ұйымын құруға жол берілмейді.

2. Қоғамдық бірлестіктер заң алдында тең. Мемлекеттің қоғамдық бірлестік ісіне, ал қоғамдық бірлестіктің мемлекет ісіне заңсыз араласуына және қоғамдық бірлестікке мемлекеттік орган функцияларын жүктеуге жол берілмейді.

3. Мақсаты немесе әрекеті конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын және қоғамдық тәртіпті бұзбау, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруге, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестік құруға және оның қызметіне, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерлендірілген жасақ құруға тыйым салынады.

4. Басқа мемлекеттің саяси партиясы мен кәсіптік одағының, діни негіздегі саяси партияның қызметіне жол берілмейді, сондай-ақ саяси партия мен кәсіптік одақты шетелдік заңды тұлғаның, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамның, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғаның, шет мемлекет пен халықаралық ұйымның қаржыландыруына жол берілмейді.

5. Коммерциялық емес ұйымның шет мемлекеттен, халықаралық және шетелдік заңды тұлғадан, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамнан алатын ақша қаражатының қозғалысы және активтері туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ашық әрі қолжетімді болуға тиіс.

7-бап

1. Дін мемлекеттен бөлек.

2. Қазақстан аумағында діни ұйымдардың қызметі заңға сәйкес жүзеге асырылады және ол конституциялық құрылыс негіздерін, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығын және қоғамның адамгершілік болмысын қорғау мақсатында шектелуі мүмкін.

8-бап

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және тең қорғалады.

2. Меншікті пайдалану қоғам мен мемлекет иілігіне қызмет етуге, қоршаған ортаға зиян келтірмеуге, басқа тұлғалардың құқықтарына және заңмен қорғалатын мүдделеріне нұқсан келтірмеуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелері құқықтарының көлемі мен шегі, оларды қорғау кепілдіктері заңда айқындалады.

3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халықты атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

9-бап

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

3. Мемлекет біртұтас Қазақстан халқының тілдерін үйрену және дамыту үшін жағдай жасауға қолдау көрсетеді.

10-бап

Қазақстан Республикасы халықаралық құқық қағидааттары мен нормаларын құрметтейді, мүдделі мемлекеттермен бейбітшілік пен ынтымақтастықты, олардың ішкі ісіне араласпауды, халықаралық дауды бейбіт жолмен шешуді көздейтін сыртқы саясат жүргізеді.

11-бап

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рөміздері – Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Әнұран. Олардың сипаттамасы және пайдалану тәртібі конституциялық заңда белгіленеді.

II бөлім

Негізгі құқықтар мен міндеттер

12-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес беріледі және тоқтатылады, ол берілген негізіне қарамастан бірыңғай және тең.

2. Қазақстан Республикасының азаматы өз азаматтығынан айыруға, азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерге аластатуға болмайды. Азаматтықтан айыруға террористік қылмыс жасағаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін сот шешімімен ғана жол беріледі.

3. Қазақстан Республикасының азаматында қос немесе көп азаматтығы болуына жол берілмейді. Өзге ел азаматтығының болуы Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға негіз болады.

13-бап

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматы шет мемлекетке берілмейді.

2. Қазақстан Республикасы өз азаматтарын ел аумағынан тыс жерде заңға сәйкес қорғауға кепілдік береді.

14-бап

1. Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тұмсынан тиесілі, олар абсолютті және олардан ешкім айыра алмайды.

3. Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен міндеттері бар.

4. Конституцияда, заңдарда және

халықаралық шарттарда көзделген жағдайда шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасының азаматы үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

5. Құқықтар мен бостандықтарды іске асыру басқа тұлғаның құқықтарын бұзбауға және бостандықтарын шектемеуге тиіс, конституциялық құрылыс негіздеріне, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге тиіс.

15-бап

1. Әр адамның құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар. Әр адам құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілмен, оның ішінде қажетті қорғаныс арқылы қорғауға құқылы.

2. Әр адамның өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасында заңға сәйкес білікті заң көмегін алу құқығы танылады.

16-бап

1. Заң мен сот алдында бәрі тең.

2. Қазақстан Республикасының азаматын, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе уақытша жүрген шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де себептерге байланысты кемсітуге болмайды.

17-бап

1. Өмір сүру құқығы – әр адамның абсолютті және ажырамас құқығы.

2. Ешкімнің өз бетімен адам өмірін қиюға құқығы жоқ.

3. Өлім жазасына тыйым салынған.

18-бап

1. Әр адамға жеке басына тиіспеу құқығына және жеке бас бостандығы құқығына кепілдік беріледі.

2. Сот шешімінсіз адамды заңда көзделген мерзімнен артық ұстауға болмайды.

Құзетпен ұстауға сот шешімімен ғана рұқсат етіледі және оған шағым жасау құқығы беріледі.

3. Әр адамға ұсталған сәтте бостандығын шектеу негізі мен құқықтары түсіндіріледі.

4. Ұсталған адамның, күдіктінің, айыпталушының тиісіне ұсталған, күдікті ретінде танылған немесе айып тағылған сәттен бастап адвокат (қорғаушы) көмегін пайдалануға құқығы бар.

19-бап

1. Заңды күшіне енген сот үкімімен адамды кінәлі деп танымайынша, ол жасалған қылмыстық құқық бұзушылыққа кінәлі емес деп саналады.

2. Ешкім өз-өзіне, жұбайына (зайыбына) және заңда айқындалған жақын туыстарына қарсы айтақ беруге міндетті емес.

Діни қызметшілер өздеріне сеніп, сырын ашқан адамдарға қарсы куәлік етуге міндетті емес.

3. Адамды дәл сол құқық бұзушылық үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа қайта тартуға тыйым салынады.

20-бап

1. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне тиіспеуге болмайды және олар заңмен қорғалады.

2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқа да қатыгездік көрсетіп немесе адамның қадір-қасиетін қорлап жәбірлеуге және жазалауға болмайды.

21-бап

1. Жеке өмірге қол сұқпау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі.

2. Банк операцияларының, жеке салымдар мен жинақтардың, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта хабарламаларының және байланыс құралдарының, оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы берілетін өзге де хабарламалардың құпиясы заңмен қорғалады. Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен ғана жол беріледі.

3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әр адамға өз құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжатпен, шешіммен және ақпарат көзімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

22-бап

1. Әр адам өзінің қай ұлтқа жататынын айқындауға, оны көрсетуге не көрсетпеуге құқылы.

2. Әр адамның ана тілі мен төл мәдениетін қолдануға, қарым-қатынас жасау, тәрбие беру, оқу мен шығармашылық тілін еркін тандауға құқығы бар.

23-бап

1. Сөз еркіндігіне, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі.

2. Зияткерлік меншік заңмен қорғалады.

3. Мемлекеттік құпияларды қоспағанда, еркін ақпарат алу және тарату құқығы заңмен тыйым салынбаған сөз келген тәсілмен іске асырылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтер тізбесі заңда айқындалады.

4. Сөз еркіндігі және ақпарат тарату басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге, қоғамдық тәртіпті бұзбауға тиіс.

5. Пензұраға тыйым салынады.

6. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуді, аумақтық тұтастығына, Егемендігі мен Тәуелсіздігіне қол сұғуды, қоғамдық тәртіпті бұзуды, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруді, соғысты, қарулы қақтығысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, этностық, діни басымдықты немесе алауыздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттауға, сондай-ақ арандату әрекетіне және оған шақыруға жол берілмейді.

24-бап

1. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жүрген әр адамның ел аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жерін еркін тандауға құқығы бар.

2. Әр адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығуға құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасына келергісіз оралуға құқығы бар.

25-бап

1. Әр адамның ар-ождан бостандығына құқығы бар.

2. Ар-ождан бостандығы құқығын пайдалану жалпыламазат пен азамат құқықтарын, мемлекет алдындағы міндеттерді шектемеуге тиіс.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

(Соңы. Басы 3, 4-беттерде)

7. Үкімет енгізген заң жобасы қабылданбаса, Премьер-Министр Құрылтай отырысында Үкіметке сенім білдіру мәселесін қоюға құқылы. Бұл мәселе сенім білдіру мәселесі қойылғаннан бастап қырыс сегіз сағаттан кейін ғана дауысқа салынады. Егер сенімсіздік вотумы туралы ұсыныс Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысын алмаса, заң жобасы дауысқа салынбастан қабылданды деп саналады. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

61-бап

1. Құрылтай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар заң мен қаулы қабылдайды.
2. Заң Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.
3. Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, Құрылтай заңды депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылдайды.

Егер Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, Құрылтай қаулысы депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

3. Заң жобалары бойынша кемінде үш оқылмн откізу міндетті.

6. Заңдар, Құрылтай қаулылары Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмеуге тиіс. Құрылтай қаулылары заңдарға қайшы келмеуге тиіс.

7. Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қолданысқа енгізу және жариялау тәртібі заңмен және Құрылтай регламентімен реттеледі.

62-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай Төрағасымен және Премьер-Министрмен консультациядан кейін Құрылтайды таратады.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай келісімімен тағайындалатын лауазымға Президент ұсынған кандидатураны тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған, сондай-ақ Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартылған жағдайда Құрылтайды таратады.
3. Құрылтайды төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы кезінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ алдыңғы таратудан кейінгі бір жыл ішінде немесе Конституцияның 51-бабының 3-тармағында белгіленген жағдайда таратуға болмайды.

В бөлім Үкімет

63-бап

1. Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жұбесін басқарады және олардың қызметіне басшылық етеді.
2. Үкімет – алқалы орган, ол өз қызметінде Қазақстан Республикасының Президенті мен Құрылтайдың алдында жауапты.
3. Үкімет мүшелері Конституцияның 56-бабының 17) тармақшасында көзделген жағдайда Құрылтайға есеп береді.
4. Үкіметтің құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

64-бап

1. Үкіметті Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады.
2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының Президентіне Премьер-Министр тағайындалғаннан кейін он күн ішінде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы ұсыныс енгізеді.
3. Үкімет мүшелері Қазақстан Республи-касының халқы мен Президентіне ант береді.

65-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі:
1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету ісінің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;
2) Құрылтайға республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;
3) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;
4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;
5) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын жүргізу шараларын әзірлейді;
6) министрліктердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық етеді;
7) Қазақстан Республикасының министрліктері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің қолданысына толық немесе бір бөлігінде жояды не тоқтата тұрады;
8) мемлекеттік бюджет есебін қамтылатын барлық орган үшін қаржыландырудың және қызметкерлерге еңбекке тәуелді бірінші жауыс Құрылтай Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен бекітеді;
9) өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

66-бап

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі:
1) Үкімет қызметін ұйымдастырады және басқарады, оның жұмысы үшін дербес жауап береді;
2) Үкімет қаулысына қол қояды;
3) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның барлық аса маңызды шешімдері туралы Президент пен Құрылтайға баяндайды;
4) Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басқаруға байланысты басқа да функцияларды орындайды.

67-бап

1. Үкімет мүшелері өз құзыреті шегінде дербес шешім қабылдайды және өзіне бағынысты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алдында дербес жауап береді. Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны іске асырмайтын Үкімет мүшесі орыннан түсетуе өтініш береді не лауазымынан босатуға тиіс.
2. Үкімет мүшелері өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ заңнамға сәйкес өзінің лауазымдық міндеттері болатын жағдайларда қоспағанда, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқылы емес.

68-бап

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулы шығарады.
2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар өкім шығарады.
3. Үкімет қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдері Конституцияға, заң-

дарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келмеуге тиіс.

69-бап

1. Үкімет жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Құрылтайы алдында өз өкілеттігін доғарады.
2. Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген функцияларды одан әрі орындау мүмкін емес деп есептесе, Қазақстан Республикасының Президентіне орыннан түсу туралы өтініш бөруге құқылы.
3. Құрылтай Үкіметке сенімсіздік вотумын білдірген жағдайда Үкімет Қазақстан Республикасының Президентіне орыннан түсу туралы өтініш береді.
4. Орыннан түседі қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені Қазақстан Респуб-ликасының Президенті он күн ішінде қарайды.
5. Орыннан түседі қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орыннан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.
6. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орыннан түсуі қабылданбаған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті оған міндеттерін одан әрі атқаруды тапсырады.
7. Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен Үкіметтің өкілеттігін тоқтау туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін лауазымынан босатуға құқылы. Премьер-Министрді лауазымынан босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

VI бөлім Қазақстан Халық Кеңесі

70-бап

1. Қазақстан Халық Кеңесі – Қазақстан Республикасы халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган.
2. Қазақстан Халық Кеңесі Қазақстан Республикасының азаматтарынан құралады.
3. Қазақстан Халық Кеңесін құру, оның құрамын қалыптастыру тәртібі, өкілеттігі және қызметінің ұйымдастырылуы конституциялық заңда айқындалады.

71-бап

Қазақстан Халық Кеңесі:
1) мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары; қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту;
Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттарын және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді;
2) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді;
3) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді.

VII бөлім Конституциялық Сот

72-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты – конституциялық бақылауды жүзеге асыратын және бүкіл ел аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекеттік орган.
2. Конституциялық Сот Төраға мен он судьядан тұрады, олардың өкілеттігі – сегіз жыл.
Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот судьясы болып тағайындалмайды.
3. Конституциялық Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және ол өкілеттік мерзімі ішінде Конституциялық Сот судьясы да болады.
Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.
4. Конституциялық Сот судьяларын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьялары арасынан Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.
5. Конституциялық Сот судьясының депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.
6. Конституциялық Сот Төрағасы мен судьяларын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оларды өз өкілеттігі мерзімі ішінде тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің не Құрылтайдың келісімініс ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.
7. Конституциялық Соттың ұйымдас-тырылуы және қызметі конституциялық заңмен реттеледі.

73-бап

1. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің, Құрылтай Төрағасының, Құрылтай депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінші, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:
1) дау туындаған жағдайда Президенттің, Құрылтай депутаттарының сайлауын және жалпыхалықтық референдум өткізудің дұрыстығы мәселесін шешеді;
2) Президент қол қойғанға дейін Құрылтай қабылдаған заңдарын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарайды;
3) Құрылтай қабылдаған қаулылардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;
4) халықаралық шарттарды ратификациялағанға дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;
5) халықаралық ұйымдар мен олардың органдары шешімдерінің орындалуының Конституцияға сәйкестігін қарайды;
6) Конституция нормаларына ресми түсіндірме береді;
7) Конституцияның 50 және 51-баптарында белгіленген жағдайларда қорытынды береді.
2. Конституциялық Сот Конституцияның 46-бабының 11) тармақшасында көзделген жағдайда – Президенттің өтініштерін, сондай-ақ Конституцияның 79-бабында белгіленген жағдайда соттардың өтініштерін қарайды.
3. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституцияда көзделген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарайды.
Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.
4. Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін Бас Прокурордың өтініші бойынша қарайды.
5. Конституциялық Сот адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарайды.

74-бап

1. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуі, Құрылтайдың сайланған депутаттарын тіркеу не жалпыхалықтық референдум қорытындысын шығару тоқтатады тұрады.
2. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда тиісті актілерге қол қою не оларды ратификациялау мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.
3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімде шығарады.

75-бап

1. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не ратификацияланбайды және олар қолданысқа енгізілмейді.
2. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгілеген күннен бастап қолданысын тоқтатады және қолданылмауға тиіс.
Конституциялық Соттың түсіндірмесінде Конституцияға сәйкес келеді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері осы түсіндірмелегілі қолданылуға тиіс.
3. Конституциялық Сот орындалуын Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдері, оның ішінде жекелеген ережелері орындалмауға тиіс.
4. Конституциялық Сот шешімдері қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болады және оларға шағым жасалмайды.

VIII бөлім Сот төрелігі. Прокуратура. Құқық қорғау тетіктері

76-бап

1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін сот қана жүзеге асырады.
2. Сот билігі сот ісін жүргізудің заңмен белгіленген азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабілер заңда көзделген жағдайда қатысады.
3. Қазақстан Республикасының соттары – Жоғарғы Сот, заңмен қырлған жергілікті және басқа да соттар.
4. Қазақстан Республикасының сот жүйесі Конституцияда және конституциялық заңда белгіленеді. Қандай да бір атаумен болса да арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

77-бап

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады, оның мақсаты – Қазақстан Республикасы азаматтарының және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету.
2. Сот билігі Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.
3. Сот шешімінің, үкімі мен өзге де қаулысының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар.

78-бап

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз болады және Конституция мен заңға ғана бағынатын.
2. Сот төрелігін іске асырған кезде соттың қызметіне мүлдем араласуға болмайды және бұл заң бойынша жауаптылыққа алып келеді. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді.
3. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде мына қылдаттарды басшылыққа алуға тиіс:
1) ешкімнің өзіне заңда көзделген сотталығын оның келісімінсіз өзгертуге болмайды;
2) сотта әр адамның өз сөзін тыңдауға құқығы бар;
3) айыпталушы өзінің кінәсіз екенін дәлелдеуге міндетті емес;
4) адамның кінәлі екеніне қатысты кез келген қуәм айыпталушының пайдасына қарастырылады;
5) заңсыз тәсілмен жиналған дәлелдемелердің заңды күші жоқ. Ешкімді өзінің жеке мойындауы негізінде ғана соттауға болмайды;
6) қылмыстық заңды ұқастығына қарай қолдануға жол берілмейді.
4. Конституцияда белгіленген сот төрелігінің қағидаттары Қазақстан Республикасының барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай.

79-бап

Соттар адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқылы емес.
Егер сот қолданылуға тиіс заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, ол іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсынумен Конституциялық Сотқа жүгінуге міндетті.

80-бап

1. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституцияның және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек қана заңда белгіленген негіздермен тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.
2. Судьяны қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, тиісінше Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Құрылтайдың келісімінсіз оны ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.
3. Қазақстан Республикасы соттарының судьяларына қойылатын талаптар конституциялық заңда айқындалады.
4. Судьяның депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.

81-бап

Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

82-бап

Жоғарғы Сот – жергілікті және басқа

да соттардың қарауына жататын азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы, ол заңда көзделген жағдайда өзінің қарауына жататын сот істерін қарайды және сот практикасы мәселелері бойынша түсіндіру береді.

83-бап

1. Жоғарғы Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымымен тағайындайды және ол өз өкілеттігі мерзімі ішінде Жоғарғы Сот судьясы да болады. Жоғарғы Сот Төрағасының өкілеттік мерзімі – алты жыл.
Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Жоғарғы Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.
Жоғарғы Сот судьяларын Құрылтай Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен сайлайды.
2. Жергілікті және басқа да сот судьяларын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымымен тағайындайды.
3. Соттарда конституциялық заңға сәйкес сот алқалары құрылуы мүмкін.
4. Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.
5. Жоғары Сот Кеңесінің мүртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда айқындалады.

84-бап

1. Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.
2. Қазақстан Республикасының прокуратурасын орталықтандырылған бірінші жауын құрайды, төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынады. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп береді.
3. Бас Прокурорды Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды. Бас Прокурордың өкілеттік мерзімі – алты жыл.
Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры болып тағайындалмайды.
4. Бас Прокурордың қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.
5. Прокуратураның құзыреті, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

85-бап

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.
2. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.
3. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.
4. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.
5. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы мен қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады.

86-бап

1. Қазақстан Республикасындағы адвокаттара адамның мемлекет көпідік бөрен сот арқылы қорғау құқығы және заң көмегін алу құқығын іске асыруға жәрдемдесуді көздейді. Заң көмегін адвокаттар мен өзге тұлғалар заңға сәйкес көрсетеді.
2. Адвокат қызметін жүзеге асыру тәртібі, адвокат құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы заңда айқындалады.

IX бөлім

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару

87-бап

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы ахуалдың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

88-бап

1. Жергілікті өкілді органдар – мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының ерік-мүдесін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды айқындайды, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.
2. Мәслихаттарды халық жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.
3. Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Қазақстан Республикасының азаматы бір ғана мәслихаттың депутаты бола алады.
4. Мәслихаттардың қарауына:
1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;
2) өз қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;
3) заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы орган басшыларының есебін қарау;
4) мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есепті тындау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;
5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.
5. Мәслихаттың өкілеттігін Қазақстан Республикасының Президенті Премьер-Министрмен және Құрылтай Төрағасымен консультациядан кейін, сондай-ақ мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатады.
6. Мәслихаттардың құзыреті, ұйымдас-тырылу және қызмет тәртібі, депутаттардың құқықтық жағдайы заңда белгіленеді.

89-бап

1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақ-стан Республикасы атқарушы органдарының біртұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің жалпымемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүддесімен және қ

Жамбыл ауданы бойынша тұрғындардың спорт нысандарына қолжетімділігін қамтамасыз ету кестесі (2026 жыл)

p/c	Спорт нысанының атауы	Спорт нысандарында тұрғындардың шұғылдануына мүмкіндік жасалған спорт түрі	Спорт нысанының мекенжайы (байланыс телефоны)	Спорт нысанының меншіктілігі (мемлекеттік/тегін немесе жеке) мен қызмет көрсету түрі (тегін, ақылы)	Күні	Спорт нысанының жұмыс істеу кестесі	Спорт нысанының жұмысына жауапты қызметкер (аты-жөні, байланыс телефоны)
ЖАМБЫЛ АУДАНЫ							
1.	Орталық стадион	Футбол	Аса ауылы, Абай көшесі №102г	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	9.00-11.30 14.30-18.00 20.00-22.00	А.Балтай 8 (708) 106 84 27
2.	Кіші футбол алаңы	Футбол	Аса ауылы, Тастөбе ауылының бұрылысы, Абай көшесі	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	9.00-11.30 14.30-18.00 20.00-22.00	А.Балтай 8 (708) 106 84 27
3.	Баскетбол алаңшасы	Баскетбол	Аса ауылы, Тастөбе ауылының бұрылысы, Абай көшесі	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	9.00-11.30 14.30-18.00 20.00-22.00	А.Балтай 8 (708) 106 84 27
4.	Волейбол алаңшасы	Волейбол	Аса ауылы, Тастөбе ауылының бұрылысы, Абай көшесі	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	9.00-11.30 14.30-18.00 20.00-22.00	С.Қасым 8 (707) 209 80 81
5.	Дене шынықтыру және спорт кешені	ДШСК	Аса ауылы, Абай көшесі №102г	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	9.00-11.30 14.30-18.00 20.00-22.00	С.Қасым 8 (707) 209 80 81
6.	Дене шынықтыру және спорт кешенінің үлкен теннис алаңы	Үлкен теннис	Аса ауылы, Абай көшесі №102г	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	9.00-11.30 14.30-18.00 20.00-22.00	Н.Абдрахимбаев 8 (707) 143 07 92
7.	Дене шынықтыру және спорт кешенінің баскетбол алаңы	Баскетбол	Аса ауылы, Абай көшесі №102г	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	9.00-11.30 14.30-18.00 20.00-22.00	А.Балтай 8 (708) 106 84 27
8.	Дене шынықтыру және спорт кешенінің кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Аса ауылы, Абай көшесі №102г	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	9.00-11.30 14.30-18.00 20.00-22.00	А.Балтай 8 (708) 106 84 27
9.	Волейбол алаңы	Волейбол	Аса ауылы, Абай көшесі №102	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	9.30-11.30 17.30-21.30	С.Қасым 8 (707) 209 80 81
10.	Кіші футбол алаңы	Футбол	Аса ауылы, Ш.Қалдаяқов көшесі №45	мемлекеттік/тегін	Сейсенбі, бейсенбі, сенбі	9.30-11.30 18.00-20.00	А.Балтай 8 (708) 106 84 27
11.	Стритворкаут алаңы	Стритворкаут	Аса ауылы, Ш.Қалдаяқов көшесі №45	мемлекеттік/тегін	Сейсенбі, бейсенбі, сенбі	9.30-11.30 18.00-20.00	А.Балтай 8 (708) 106 84 27
12.	Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің волейбол алаңы	Волейбол	Аса ауылы, Мырхалықов көшесі №73	мемлекеттік/тегін	Сейсенбі, бейсенбі, сенбі	20.00-21.30	Е.Беркімбаев 8 (705) 995 30 85
13.	Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің баскетбол алаңы	Баскетбол	Аса ауылы, Мырхалықов көшесі №73	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі	19.30-21.00	Е.Беркімбаев 8 (705) 995 30 85
14.	Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Аса ауылы, Мырхалықов көшесі №73	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі	19.30-21.00	Е.Беркімбаев 8 (705) 995 30 85
15.	Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің жасанды төсеніш кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Аса ауылы, Мырхалықов көшесі №73	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі	19.30-21.00	Е.Беркімбаев 8 (705) 995 30 85
16.	Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясының волейбол алаңы	Волейбол	Аса ауылы, Б.Момышұлы көшесі №87	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	19.30-21.00	С.Шотанов 8 (705) 733 73 60
17.	Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясының футбол алаңы	Футбол	Аса ауылы, Б.Момышұлы көшесі №87	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	17.00-21.00	С.Шотанов 8 (705) 733 73 60
18.	Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясының кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Аса ауылы, Б.Момышұлы көшесі №87	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	17.00-21.00	С.Шотанов 8 (705) 733 73 60
19.	Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясының жасанды төсеніш кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Аса ауылы, Б.Момышұлы көшесі №87	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	17.00-21.00	Н.Абдрахимбаев 8 (707) 143 07 92
20.	№1 орта мектептің волейбол алаңы	Волейбол	Аса ауылы, Төле би көшесі №106	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сәрсенбі-жұма, сенбі	18.00-20.00	Т.Құрматаев 8 (702) 139 02 30
21.	№1 орта мектептің футбол алаңы	Футбол	Аса ауылы, Төле би көшесі №106	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сәрсенбі-жұма, сенбі	18.00-20.00	Т.Құрматаев 8 (702) 139 02 30
22.	№1 орта мектептің кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Аса ауылы, Төле би көшесі №106	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сәрсенбі-жұма, сенбі	19.30-21.00	Т.Құрматаев 8 (702) 139 02 30
23.	№1 орта мектептің жасанды төсеніш кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Аса ауылы, Төле би көшесі №106	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сәрсенбі-жұма, сенбі	19.30-21.00	Н.Абдрахимбаев 8 (707) 143 07 92
24.	Кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Аса ауылы, Абай көшесі №2а	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	18.00-20.00	Н.Абдрахимбаев 8 (707) 143 07 92
25.	Стритворкаут алаңы	Стритворкаут	Аса ауылы, Абай көшесі №2а	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	18.00-20.00	Н.Абдрахимбаев 8 (707) 143 07 92
26.	Волейбол алаңы	Волейбол	Аса ауылы, Абай көшесі №2а	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	18.00-20.00	С.Қасым 8 (707) 209 80 81
27.	Аса дайындық білім беру орталығының кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Аса ауылы, Әуезов көшесі №6	жекеменшік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	17.00-19.00	Н.Абдрахимбаев 8 (707) 143 07 92
28.	Рахат ауылының кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Рахат ауылы, Жақсылықов көшесі №5	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сәрсенбі, жұма, сенбі	9.30-12.30 18.30-20.30	Н.Абдрахимбаев 8 (707) 143 07 92
29.	Рахат ауылының футбол алаңы	Футбол	Рахат ауылы, Жақсылықов көшесі №5	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сәрсенбі, жұма, сенбі	9.30-12.30 18.30-20.30	Н.Абдрахимбаев 8 (707) 143 07 92
30.	Футбол алаңы	Футбол	Аса ауылы, Кедей көшесі №16	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	9.30-12.30 18.30-20.30	С.Қасым 8 (707) 209 80 81
31.	Кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Аса ауылы, Ғ.Мұратбаев көшесі №58	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	9.30-12.30 18.30-20.30	С.Қасым 8 (707) 209 80 81
32.	Кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Бірлесу-Еңбек ауылы, Абай көшесі №84	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	9.30-12.30 18.30-20.30	Ә.Әбдірәсіл 8 (747) 661 40 30
33.	Бірлесу-Еңбек ауылының стритворкаут алаңы	Стритворкаут	Бірлесу-Еңбек ауылы, Абай көшесі №84	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	18.15-20.15	Ә.Әбдірәсіл 8 (747) 661 40 30
34.	Кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Шоқай ауылы, Жалпанова көшесі №27	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	18.15-20.15	Н.Үшкемпіров 8 (707) 995 96 19
35.	Стритворкаут алаңы	Стритворкаут	Шоқай ауылы, Жалпанова көшесі №27	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	18.15-20.15	Н.Үшкемпіров 8 (707) 995 96 19
36.	№3 орта мектептің кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Шоқай ауылы	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	18.15-20.15	К.Шопақов 8 (776) 604 64 60
37.	Футбол алаңы	Футбол	Бірлесу-Еңбек ауылы, Абай көшесі №84	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	18.15-20.15	К.Әміров 8 (771) 332 19 40
38.	Футбол алаңы	Футбол	Шоқай ауылы, Жалпанова көшесі №28	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	18.15-20.15	Н.Үшкемпіров 8 (707) 995 96 19
39.	Волейбол алаңы	Волейбол	Бірлесу-Еңбек ауылы, Абай көшесі №84	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	18.30-20.30	К.Әміров 8 (771) 332 19 40
40.	Дене шынықтыру және спорт кешені	ДШСК	Айшабиі ауылы, Жібек жолы көшесі	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	9.00-11.30 14.30-18.00 20.00-22.00	Б.Сағымбаев 8 (707) 004 97 81
41.	Айшабиі орта мектебінің кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Айшабиі ауылы, Айшабиі көшесі №3	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі	19.30-21.00	Е.Дәулетқұлов 8 (707) 421 84 61
42.	№7 орта мектептің футбол, волейбол, баскетбол алаңдары	Әмбебап	Айшабиі ауылы	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі	19.30-21.00	Е.Үшбаев 8 (776) 995 30 85
43.	Айшабиі ауылының кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Айшабиі ауылы, Айшабиі көшесі №10	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі	19.30-21.00	Е.Дәулетқұлов 8 (707) 421 84 61
44.	Айшабиі орта мектебінің футбол алаңы	Футбол	Айшабиі ауылы, Айшабиі көшесі №19	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі	19.30-21.00	Е.Дәулетқұлов 8 (707) 421 84 61
45.	Әулиекөл ауылындағы кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Әулиекөл ауылы	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі	19.30-21.00	Е.Дәулетқұлов 8 (707) 421 84 61
46.	Қаратау ауылының кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Қаратау ауылы, Қаратау көшесі №10	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі	19.30-21.00	А.Қалшеров 8 (707) 421 84 61
47.	Т.Рысқұлов атындағы орта мектептің волейбол алаңы	Волейбол	Қаратау ауылы, Қаратау көшесі №10	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі	19.30-21.00	Г.Абатова 8 (705) 504 36 18
48.	Т.Рысқұлов атындағы орта мектептің футбол алаңы	Футбол	Айшабиі ауылы, Айшабиі көшесі №30	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі	19.30-21.00	Е.Дәулетқұлов 8 (707) 421 84 61
49.	Абай атындағы орта мектептің волейбол алаңы	Волейбол	Бесағаш ауылы, Жеңіс көшесі №4	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	19.30-21.00	Е.Бейсембиев 8 (747) 083 17 07
50.	Абай атындағы орта мектептің баскетбол алаңы	Баскетбол	Бесағаш ауылы, Жеңіс көшесі №4	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	19.30-21.00	Е.Бейсембиев 8 (747) 083 17 07
51.	Абай атындағы орта мектептің футбол алаңы	Футбол	Бесағаш ауылы, Жеңіс көшесі №4	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	19.30-21.00	Е.Бейсембиев 8 (747) 083 17 07
52.	Кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Бесағаш ауылы, Кеніс көшесі №5	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	9.30-12.30 18.30-20.30	Руслан Өтеп 8 (708) 166 71 72
53.	Гродеково орта мектебінің волейбол алаңы	Волейбол	Гродеково ауылы, Мир көшесі №7	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	19.00-20.30	А.Жанабергенов 8 (747) 322 94 45
54.	Гродеково орта мектебінің кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Гродеково ауылы, Мир көшесі №7	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	19.00-20.30	А.Жанабергенов 8 (747) 322 94 45

56.	Дене шынықтыру және спорт кешені	ДШСК	Гродеково ауылы, Ақжол көшесі №88	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі сәрсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	9.00-11.30 14.30-18.00 20.00-22.00	Г.Сентрбекова 8 (771) 442 44 73
57.	Стритворкаут алаңы	Футбол	Гродеково ауылы, Мир көшесі №7	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	19.00-20.30	Г.Сентрбекова 8 (771) 442 44 73
58.	Гродиково ауылдық округінің кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Қызылдіхан ауылы, Отырар көшесінің бойында	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	19.00-20.30	Г.Сентрбекова 8 (771) 442 44 73
59.	Кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Ерназар ауылы, Әбдіһайым көшесі №57а	Мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	10.00-12.00 18.00-20.00	Қ.Сауытбеков 8 (777) 507 14 14
60.	Волейбол алаңы	Волейбол	Ерназар ауылы, Әбдіһайым көшесі №45	Мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	9.30-11.30 18.00-20.00	Қ.Сауытбеков 8 (777) 507 14 14
61.	Б.Кейкиев атындағы орта мектептің волейбол алаңы	Волейбол	Ерназар ауылы, Әбдіһайым көшесі №57а	Мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	10.00-12.00 16.00-18.00	Р.Байгелді 8 (776) 699 23 32
62.	Б.Кейкиев атындағы орта мектептің футбол алаңы	Футбол	Ерназар ауылы, Әбдіһайым көшесі №57а	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	19.00-20.30	И.Куртибаев 8 (705) 261 31 12
63.	Б.Кейкиев атындағы орта мектептің кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Ерназар ауылы, Әбдіһайым көшесі №57а	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	10.00-12.00 16.00-18.00	И.Куртибаев 8 (705) 261 31 12
64.	Ысмайылұлы атындағы орта мектептің футбол алаңы	Футбол	ІІІ.Ниязбеков ауылы, Ж.Жәнтеліұлы көшесі №25	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	10.00-12.00 18.00-20.00	С.Тұрғынов 8 (776) 858 92 58
65.	Қапал стритворкаут алаңы	Стритворкаут	Қапал ауылы, Т.Рысқұлов көшесі №18	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	9.00-11.00	Г.Абдлахатова 8 (777) 720 52 11
66.	Қапал кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Қапал ауылы, Т.Рысқұлов көшесі №18	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	9.00-11.00	ІІІ.Ахметов 8 (777) 086 48 40
67.	Кіші футбол алаңы	Футбол	ІІІ.Ниязбеков ауылы, Ж.Жәнтеліұлы көшесі №25	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	20.00-21.30	ІІІ.Ахметов 8 (777) 086 48 40
68.	Ә.Тарази атындағы тірек мектебінің футбол алаңы	Футбол	Тастөбе ауылы, Тарқаева көшесі №6	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	10.00-12.00 18.00-20.00	Т.Көпбаев 8 (705) 812 11 52
69.	Ә.Тарази атындағы тірек мектебінің волейбол алаңы	Волейбол	Тастөбе ауылы, Тарқаева көшесі №6	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	10.00-12.00 18.00-20.00	Т.Көпбаев 8 (705) 812 11 52
70.	Ә.Тарази атындағы тірек мектебінің баскетбол алаңы	Баскетбол	Тастөбе ауылы, Тарқаева көшесі №6	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	9.30-12.30 18.30-20.30	Т.Көпбаев 8 (705) 812 11 52
71.	Көлқайнар ауылдық округінің футбол алаңы	Футбол	Тастөбе ауылы, Тарқаева көшесі	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	9.30-12.30 18.30-20.30	Е.Кушенов 8 (705) 255 08 08
72.	Көлқайнар ауылдық округінің кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Тастөбе ауылы, Тарқаева көшесі №6	мемлекеттік/тегін	Сейсенбі, бейсенбі, сенбі	10.00-12.00 18.00-20.00	Е.Кушенов 8 (705) 255 08 08
73.	Көлқайнар ауылдық округінің стритворкаут алаңы	Стритворкаут	Тастөбе ауылы, Тарқаева көшесі №6	мемлекеттік/тегін	Сейсенбі, бейсенбі, сенбі	10.00-12.00 18.00-20.00	Е.Кушенов 8 (705) 255 08 08
74.	Кіші футбол алаңы	Футбол	Еңбек ауылы, ІІІ.Қалдаяқов көшесі №12	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	15.00-18.00	Е.Кушенов 8 (705) 255 08 08
75.	Көлқайнар ауылдық округінің стритворкаут алаңы	Стритворкаут	Еңбек ауылы, ІІІ.Қалдаяқов көшесі	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	15.00-18.00	Т.Төлегенов 8 (708) 995 13 87
76.	Еңбек орта мектебінің кіші футбол алаңы	Футбол	Еңбек ауылы, Абай көшесі №12	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	15.00-18.00	Е.Аширов 8 (705) 852 12 10
77.	Жамбыл бастауыш мектебінің кіші футбол алаңы	Футбол	Жамбыл ауылы, Ақтөбе көшесі №2г	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	15.00-18.00	Т.Орынбаева 8 (705) 521 14 12
78.	Жамбыл бастауыш мектебінің волейбол алаңы	Волейбол	Жамбыл ауылы, Ақтөбе көшесі №2г	мемлекеттік/тегін	Сейсенбі, бейсенбі, сенбі	10.00-20.00	Т.Орынбаева 8 (705) 521 14 12
79.	Қостөбе ауылының кіші футбол алаңы	Футбол	Қостөбе ауылы, Төле би көшесі №4	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	10.00-12.00 18.00-20.00	Е.Кушенов 8 (705) 255 08 08
80.	Төле би атындағы орта мектептің волейбол алаңы	Волейбол	Қаракемер ауылы, Сабаев көшесі №2	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	9.30-11.30 17.30-21.30	Ғ.Садыхов 8 (705) 737 62 39
81.	Төле би атындағы орта мектептің кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Қаракемер ауылы, Сабаев көшесі №2	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	9.30-11.30 18.00-20.00	Ғ.Садыхов 8 (705) 737 62 39
82.	№2 орта мектептің волейбол алаңы	Волейбол	Құмтиын ауылы, Сәлемов көшесі №7	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	20.00-21.30	Е.Тұрғынбаев 8 (777) 618 96 26
83.	Қаракемер ауылдық округінің футбол алаңы	Футбол	Қаракемер ауылы, Сабаев көшесі №33	мемлекеттік/тегін	Сейсенбі, бейсенбі, сенбі	20.00-21.30	Е.Пернебек 8 (708) 827 27 73
84.	Қаракемер ауылдық округінің кіші футбол алаңы	Футбол	Қаракемер ауылы, Сабаев көшесі №3	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	19.30-21.00	Е.Пернебек 8 (708) 827 27 73
85.	Құмтиын ауылының футбол алаңы	Футбол	Құмтиын ауылы, Сәлемов көшесі №5	мемлекеттік/тегін	Сейсенбі, бейсенбі, сенбі	19.30-21.00	Г.Жақсылық 8 (747) 901 80 04
86.	Қаракемер ауылдық округінің кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Қаракемер ауылы, Сабаев көшесі №1	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	19.30-21.00	Е.Пернебек 8 (708) 827 27 73
87.	Құмтиын ауылының кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Құмтиын ауылы, Сәлемов көшесі №7	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	17.00-21.00	Г.Жақсылық 8 (747) 901 80 04
88.	Құмтиын ауылының стритворкаут алаңы	Стритворкаут	Құмтиын ауылы, Сәлемов көшесі №7	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	19.30-21.00	Г.Жақсылық 8 (747) 901 80 04
89.	Кіші футбол алаңы	Футбол	Қызылқайнар ауылы, К.Тілманбаев көшесі №14	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	18.00-20.00	Е.Мадиев 8 (747) 159 91 09
90.	Футбол алаңы	Футбол	Қызылқайнар ауылы, К.Тілманбаев көшесі №14	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	18.00-20.00	Е.Мадиев 8 (747) 159 91 09
91.	Жасөркен орта мектебінің кіші футбол алаңы	Футбол	Қызылқайнар ауылы, Жанболатов көшесі №1	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	18.00-20.00	Е.Мадиев 8 (747) 159 91 09
92.	Жасөркен орта мектебінің кіші футбол алаңы	Футбол	Қызылқайнар ауылы, Жанболатов көшесі №1	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	18.00-20.00	Е.Мадиев 8 (747) 159 91 09
93.	М.Әуезов атындағы орта мектептің футбол алаңы	Футбол	Жасөркен ауылы, Тұралыұлы көшесі №214	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	17.00-19.00	С.Есенқұлов 8 (771) 235 71 65
94.	Жасөркен орта мектебінің футбол алаңы	Футбол	Қызылқайнар ауылы, Жанболатов көшесі №1	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	9.30-12.30 18.30-20.30	А.Шажаев 8 (777) 291 07 98
95.	М.Әуезов атындағы орта мектептің волейбол алаңы	Волейбол	Жасөркен ауылы, Тұралыұлы көшесі №214	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	9.30-12.30 18.30-20.30	С.Есенқұлов 8 (771) 235 71 65
96.	Жасөркен орта мектебінің волейбол алаңы	Волейбол	Қызылқайнар ауылы, Жанболатов көшесі №1	мемлекеттік/тегін	Сәрсенбі-жұма	9.30-12.30 18.30-20.30	Е.Мадиев 8 (747) 159 91 09
97.	Кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Өрнек ауылы, А.Омаров көшесі №25	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жұма	9.30-12.30 18.30-20.30	Қ.Арызбаев 8 (707) 126 42 85
98.	Үлкен футбол алаңы	Футбол	Өрнек ауылы, А.Омаров көшесі №25	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жұма	18.15-20.15	Қ.Арызбаев 8 (707) 126 42 85
99.	№17 Жамбыл колледжінің үлкен футбол алаңы	Футбол	Өрнек ауылы, Саухатов көшесі №3	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жұма	18.15-20.15	Қ.Арызбаев 8 (707) 126 42 85
100.	№17 Жамбыл колледжінің баскетбол алаңы	Баскетбол	Өрнек ауылы, Саухатов көшесі №3	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жұма	18.15-20.15	Қ.Арызбаев 8 (707) 126 42 85
101.	№17 Жамбыл колледжінің волейбол алаңы	Волейбол	Өрнек ауылы, Саухатов көшесі №3	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	18.30-20.30	Қ.Арызбаев 8 (707) 126 42 85
102.	Б.Тайшапұлы атындағы орта мектептің кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Өрнек ауылы, А.Омаров көшесі №17	мемлекеттік/тегін	Сәрсенбі-сенбі	18.30-20.30	Е.Рысалиев 8 (707) 742 26 92
103.	Б.Тайшапұлы атындағы орта мектептің үлкен футбол алаңы	Үлкен футбол	Өрнек ауылы, А.Омаров көшесі №17	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	19.30-21.00	Қ.Арызбаев 8 (707) 126 42 85
104.	Б.Тайшапұлы атындағы орта мектептің волейбол алаңы	Волейбол	Өрнек ауылы, А.Омаров көшесі №17	мемлекеттік/тегін	Сәрсенбі-жұма	19.30-21.00	Қ.Арызбаев 8 (707) 126 42 85
105.	Жұма ауылының кіші футбол алаңы	Кіші футбол	Жұма ауылы, Көктөбе көшесі №11а	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі	19.30-21.00	Қ.Арызбаев 8 (707) 126 42 85
106.	Қ.Сартбаев атындағы орта мектептің футбол алаңы	Футбол	Ащыбұлақ ауылы, Жамбыл көшесі №61	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	19.30-21.00	А.Сирманов 8 (707) 748 11 98
107.	Қарасу ауылдық округінің кіші футбол алаңы	Футбол	Шайдана ауылы, Көпбергенов көшесі №41	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	10.00-12.00 18.00-20.00	Т.Баданов 8 (776) 622 29 03
108.	Қарасу ауылдық округінің кіші футбол алаңы	Футбол	Шайдана ауылы, Көпбергенов көшесі №41	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	9.30-12.30 18.30-20.30	Т.Баданов 8 (776) 622 29 03
109.	№5 Шайдана орта мектебінің футбол, волейбол алаңдары	Футбол, волейбол	Шайдана ауылы	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	9.30-12.30 18.30-20.30	Т.Баданов 8 (776) 622 29 03
110.	Қарасу ауылдық округінің волейбол алаңы	Волейбол	Шайдана ауылы, Көпбергенов көшесі №41	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-жексенбі	19.00-20.30	Т.Баданов 8 (776) 622 29 03
111.	Қ.Сартбаев атындағы орта мектептің волейбол алаңы	Волейбол	Ащыбұлақ ауылы, Жамбыл көшесі №61	мемлекеттік/тегін	Сейсенбі, бейсенбі, сенбі	19.00-20.30	А.Сирманов 8 (707) 748 11 98
112.	Кіші футбол алаңы	Футбол	Тоғызтарау ауылы, Жамбыл көшесі №10а	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	19.00-20.30	А.Шенгелді 8 (707) 916 32 36
113.	Стритворкаут алаңы	Стритворкаут	Тоғызтарау ауылы, Жамбыл көшесі №10	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	19.00-20.30	А.Шенгелді 8 (707) 916 32 36
114.	Тоғызтарау ауылдық округінің кіші футбол алаңы	Футбол	Жанаөткел ауылы, Ж.Садықов көшесі №25а	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	10.00-12.00 18.00-20.00	А.Шенгелді 8 (707) 916 32 36
115.	Тоғызтарау ауылдық округінің волейбол алаңы	Волейбол	Жанаөткел ауылы, Ж.Садықов көшесі №25а	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі-сенбі	19.30-21.00	А.Шенгелді 8 (707) 916 32 36
116.	Дене шынықтыру және спорт кешені	ДШСК	Еңбек ауылы, Қонаев көшесі №21а	жекеменшік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	9.00-11.30 14.30-18.00 20.00-22.00	С.Қасым 8 (707) 209 80 81
117.	Дене шынықтыру және спорт кешені	ДШСК	Қаракемер ауылы, Б.Сабаев көшесі №2а	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	9.00-11.30 14.30-18.00 20.00-22.00	Х.Темірлан 8 (705) 604 05 04
118.	Дене шынықтыру және спорт кешені	ДШСК	Өрнек ауылы, Бекпенбет Әбілдаұлы көшесі №30а	мемлекеттік/тегін	Дүйсенбі сәрсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	9.00-11.30 14.30-18.00 20.00-22.00	Қ.Арызбаев 8 (707) 126 42 85

КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Еліміздің экономикалық дамуының маңызды тірегі – кәсіпкерлік саласы. Мемлекеттің бай-қуатты болуы дегеніміз – сол елдің әрбір азаматының табысты, жағдайының жақсы болуы. Ал кәсіпкерлік – әл-ауқатты жақсартудың, қоғамдағы белсенділікті арттырудың ең тиімді жолдарының бірі. Оның үстіне мемлекет шағын және орта бизнеске қолдау көрсетіп отыр. Шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы үлесі үздіксіз артып келеді. Бұл – азаматтардың өз ісін ашып, жеке кәсіпкер ретінде қоғамға үлес қосуына тамаша мүмкіндік.

Несібені молайтқан наубайхана



Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге беріліп отырған мүмкіндіктер бүгінде ел аумағындағы кәсіпкерлікті жана деңгейге көтерудің нақты бағдарына айналды. Шағын және орта бизнесті дамыту, жеңілдетілген несие мен субсидия беру, артық тексерістерді азайту кәсіпкерлердің еркін әрі ашық жұмыс істеуіне мол мүмкіндік туғызуда.

Осы бағытта біздің ауданда да айтарлықтай оң өзгерістер



байқалады. Жергілікті кәсіпкерлер мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдаланып, жаңа жұмыс орындарын ашып, өңір экономикасының өсіміне серпін беріп отыр. Еңбегімен елге сыйлы сондай азаматтың бірі – кәсіпкер Тайырбек Төлентаев. Ол 2003 жылы облысымызға қоныс аударып, жана ортада жаңа белестерді бағындыруға бел буды.

– 2003-2004 жылдары біздің әулет

үшін өмірдің жаңа белесі басталды десем болады. Сол кездер әлі күнге дейін жадымда жатталып қалған. Үміт пен күдік аралас, бірақ жүректе елдік рухы өшпеген, болашақты жақсартуға деген іңкәрлік басым шақ болатын. Алғашында халық арасында «За линией» алқабы атанып кеткен аумақта тұрдық. Қалаға бейімделу, жаңа ортаға сіңісу, бала-шағаның оқуы мен тұрмыстық қиындықтар бірінің артынан бірі келді. Дегенмен ел үшін еңбек етемін деген адамға ештеңе кедергі емес екеніне сонда тағы бір мәрте көзім жетті. Уақыт өте келе көңіл түбіндегі «Ауыл – алтын бесік» деген ұғым бізді қайтадан тұп-тамырымызға тартты. Өке-шешем Айшабибі ауылында тұрғандықтан, ауылдың топырағы, ауасының өзі бала күнгі сезімдерді оятатын. Сол себепті біз қайда жүрсек те, ауылдан қол үзбеуді, алғашқы игілікті бастамаларымызды да сол жерден бастауды жөн көрдік. Ауылдың адамдары кеңпейіл, дархан мінезді, күнделікті тірлікте бір-біріне қол соза алатын қасиетімен қашанда ерекшеленеді. Міне, осы орта бізге күш-қуат, шабыт берді. Қазір Айшабибі ауылында еңбек етіп, ауылдың игілігі үшін қолдан келгенше жұмыс істеп келеміз. Көрші-қолаңмен араласып, тұрғындармен етене жақын болу – біздің басты қағидамыз. Себебі ел болып, жұрт болып өмір сүру деген тек өзін үшін емес, айналадағы адамдардың да жағдайын ойлау деген сөз. Қолымыздан келгенше бөлісуге, көмектесуге әрдайым дайынбыз, – дейді Тайырбек Анарқұлұлы.

Кейіпкеріміз 2017 жылдан бері Айшабибі ауылындағы «Аман-ата» наубайханасының басшысы болып, он жылға жуық уақыт ішінде ауыл халқына қызмет ететін, күнделікті нан өнімін ұсынып отырған өндірісті дамытуға күш салды. Кәсіп иесі қайырымдылық шараларын өткізіп, карантин кезінде халыққа нан жеткізуді мақсат тұтып, сауапты іспен айналысқан. – Біздің отбасымыз нан өнімдерін шығаратын кәсіппен айналысады. Ел басына күн тұған, жұрттың бәрі үйден шыға алмай, індет шарпыған карантин кезеңінде біз үшін сын сағаты соқты. Қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, арнайы рұқсат қағаздарын алып, тоқтаусыз жұмыс істеуге тура келді. Ауыр күндерде адамдық парыз бен азаматтық борыш бір арнаға тоғысты. Біз бір ай бойы жақын ауылдастарымызға, көршілерімізге,

көпбалалы отбасыларға және жағдайы ауырлаған тұрғындарға нан өнімдерін тегін тараттық. Бұл қайырымдылық жасадық деп мақтану үшін емес, қиын күнде елге сүйеу болу үшін жасалған іс. Сол кездері апаларымыздың ақ батасы, қариялардың алғысы, балалардың қуанышты жүзі бізге одан әрі күш беріп, қоғамға пайдалы болудың қадірін сездірді. Адамның бар байлығы – артында қалдырған жақсылығы. Қазір де ауыл тұрғындарымен бірге болып, қоғамдық жұмыстардан шет қалмай, қолдан келгенше игі бастамаларға атсалысып келеміз. Өйткені ауыл – біздің ғана емес, болашақ ұрпақтың да рухани тірегі. Оны дамыту, көтеру – әр азаматтың борышы, – дейді Тайырбек Анарқұлұлы.

Жергілікті тұрғындар тарапынан нан өнімдеріне деген сұраныс қашанда жоғары. Бұларсыз күнделікті астан бастап, үлкен жиындарға дейін дастарқан мәзірінің сәні кірмейтіні баршамызға аян. Оның үстіне ас атасы кез келген азық-түлік дүкендерінің сөресінде табылуы тиіс. Кәсіпкер мұндай сұранысты толық қанағаттандырып, нан өнімдерін саудаға шығарып, ауылдастарының алғысына бөленуде. Отбасылық кәсіпті әрі қарай дамытып, өсіріп отырған ұлдарына мұра етіп қалдыруды жөн санайды.

Цехта күн сайын 5 түрлі 1200-1350 дана нан пісіріліп, ауылдағы және қала маңында орналасқан елді мекендердегі жалпы саны 35 азық-түлік дүкеніне жеткізіледі. 9 адам жұмыспен қамтылған. Алдағы уақытта ПМ-70 автоматтандырылған пеш пен лаваш шығаратын құрылғы іске қосылады. Өндіріс көлемі артады.

«Көпшілігі жұмысы ауыр ғой деп жатады. Алайда несібе өздігінен келе бермейді. Тура жүріп, адал еңбек етсең ғана түбі қайтарымы болады. Өз жоспарымыз бар. Содан адаспау керек. Адал еңбек бар жерде береке де бар. Бұл өмірде береке мен бірліктен, өзгені қуанту мен алғыс алудан артық нәрсе жоқ. Менің наубайханамның жұмысының алға басуына да себепші – халық. Өнімімді мақтап, тұрақты тұтынушыларыма айналған тұрғындарға алғысым шексіз», – дейді Тайырбек Анарқұлұлы.

«Еңбек еткен адамның» еңесей биік, тұлғалық келбеті қадірлі» дегендей, Тайырбек Төлентаев бүгінде еңбегінің жемісін көріп, жас ұрпаққа үлгі болып отыр. Мемлекеттік бағдарламалардың игілігін сезініп, ауданымыздың дамуына елеулі үлес қосып жүрген арда азамат пайдалы тірлігінің арқасында «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

ЖЫР ШАШУ

Айша бибі

Кеттің-ау көңіліңе жаз қонғанда, Жетуге сүйгеніңе аз қалғанда. Отырмын сағынышпен ғазал жазып, Өмірден өкінішпен озған жанға.

Не деген жан-жүрегің асыл еді, Ажарың алтын күндей ашық еді. «Ақша бұлт ауып барады, өмір ғажап!» Ақырғы айтқан сөзің осы ма еді?

Естідім аңыздардан әз үніңді, Көремін жас аруды көзі мұңлы. Басыңа барған сайын ойға батам, Кәстерлеп сенің іңкәр сезіміңді.



Ақ сезім, махаббатың, азабың да, Мәңгіге тұнып қалды мазарыңда. Сыр айтып сүйіктіңнің ескерткіші, Әлі тұр қалың елдің назарыңда.

Шын сезім адал жанға үйірілген, Қарайды күмбезіне сүйініп ел. Түспейсің жұртың барда, Айша бибі, «Ғашықтар пірі» деген биігіңнен!..

Құттымұрат ЖАЛМҰРАТОВ, зейнеткер.

ЕСЕПТІК ЖИЫН

КӘСІПОДАҚ ТӨРАЙЫМЫ ЕСЕП БЕРДІ

Кәсіподақ қозғалысы ғасырдан астам тарихында талай қиын кезеңдерді өткерсе де, өз миссиясына адал атқарды. Ол – еңбек адамын қорғаудың, әлеуметтік әділеттілікті орнатудың, қоғам тұрақтылығын сақтаудың басты тетігі. Қай уақытта да кәсіподақ – халық пен билік арасындағы алтын көпір, еңбек адамының сенімді серігі. Қазіргі таңда кәсіподақ ұйымдары тек өндіріс саласында ғана емес, білім беру жүйесінде де маңызды рөл атқарады. Мұғалім – ел болашағын тәрбиелейтін тұлға болса, кәсіподақ – сол ұстаздың әлеуметтік қорғаны мен рухани тірегі.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Бұл ретте бастауыш кәсіподақ ұйымы білім саласы қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жолында облыстық ұйымның жарғысына, ережелеріне және жұмыс жоспарына сәйкес қызмет етіп келеді. Кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу, жұмыс беруші мен жұмыскердің арасында келіссөздер жүргізу, еңбек даулары туындаған жағдайда оларды дер кезінде шешуге жәрдемдесу мақсатында облыстық ұйымға қарасты барлық филиал мен бастауыш кәсіподақ ұйымдарында ұжымдық шарттар жасалып, жұмыс барысы жүйеленген.



Осы және өзге де мәселелер №6 Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепте өткен есептік жиында кеңінен сөз болды. Білім ордасындағы бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Мөлдір Қырықбаеваның жылдық есебі тыңдалып, назарға алынды.

Баяндамашының сөзіне сүйенсек, кәсіподақ ұйымы мұғалімдердің еңбек жағдайын жақсарту, әлеуметтік көмек көрсету, демалыс пен мәдени шараларды ұйымдастыру бағытында тұрақты жұмыс атқарады. Ұжымда 48 кәсіподақ мүшесі бар. Оның 30-ы педагог, 18-і кіші қызметкер. Кәсіподақ комитетінің құрамы 3 қызметкерден тұрады. Олар – Ә.Егізбаева, Ұ.Бакирова, З.Орымбаева. Мектепте кәсіподақ кабинеті бар. Кабинетте кәсіподақ бұрышы және номенклатура бойынша іс-қағаздар құжатнамасы жинақталған. Кәсіподақ бұрышында кәсіподақ комитетінің құрамы, жоспары, ағымдағы жаңалықтар, туған күн иелерінің тізімі, ұжымдық шарт қалташалары бар.

Ұстаздар күні мерекесіне орай мектеп директоры бастаған ұжым ардагер ұстаздарды арнайы шақырып, Алғыс хатпен және естелік сыйлықтармен марапаттады.

ұйымдастырылды. «Кәсіптік бағыт беруші мектеп» жобасы аясында «Аспара» колледжіне «Ашық есік күніне» барып, шаш үлгілеу және визажист, тігін және матаны оюлау шеберханаларының жұмысымен танысты. Ашық есік күнінде оқушылар өздері қызыққан салалары бойынша сауалдарын қойып, білім мен тәжірибе жинады. Жоғары сынып оқушыларына «Кәсіпкерлік апта» шеңберінде өңірлік еңбек нарығындағы жағдайлар туралы ақпараттық-тәжірибелік сабақтар өткізу мақсатында танымдық іс-шара өткізілді. Жас мамандардан құралған кәсіподақ мүшелері аудандық «KinoStar» байқауына қатысып, Алғыс хатпен марапатталды. Аудандық кәсіподақ ұйымы тарапынан берілген мексерлер мектебімізде қоғамдық жұмысқа белсене араласып, атсалысып жүрген кәсіподақ мүшелеріне табысталды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша пікір білдірген бастауыш кәсіподақ ұйымының мүшелері ұстаз елдің болашағын қалыптастырушы тұлға, кәсіподақ мұғалімінің еңбегін қорғайтын қалқан екендігін алға тартып, алдағы уақытта да ұстаз еңбегінің абыройын арттыруға үлес қоса беретіндерін айтты.

 ШҰҒЫЛА-РАДУГА ЖАҢАЛЫҚ РАДУГА ЖАҢАЛЫҚ РАДУГА МЕНШІК ИЕСІ: «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» ЖШС Бас редактор: Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ Қабылдау бөлмесі: 2-17-98 Бас редактормен тікелей байланыс: 87765549701	Бас редактордың орынбасары: Тілшілер: Максат ЖҰМАБАЕВ Аружан КҮНТУБАЙ Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ Құрбанәлі Шахабай Жұматай Көксубайұлы Ғалия АЛИЕВА Дизайнер-теруші: Бас редактордың орынбасары: Тілшілер: 2-20-24 2-13-44 Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 07.10.2021 жылы қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №КЗ87РҰУ00041240	Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды. Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Салық тәртібі» ЖШС- нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б. Таралымы 3100 Тапсырыс №69 Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ	Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Газета выходит 2 раза в неделю, в среду и в пятницу. Индекс: 68991 Электронды пошта: sugyla@bk.ru Біздің мекенжайымыз: Индексі 080200, Аса ауылы, Абай көшесі 78-үй.
--	---	---	---